



Қазіргі таңда заман ағымына көз салған адам кім-кімнің де тіршілік қамымен жанталаса енбек етіп жатқанын байқайды. Әрине, енбек түбі – береке екені рас. Алайда, адамның рухани дүниесі берік болмаса тапқанында береке болмайды. Руханиятының орнын толықтыра алмаған адам өмірден түніліп кетуге дейін барады. Рухани жұтандықпен күрестің бірден-бір жолы – көкірек көзін ашып, үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыру. Руханияттағы бос орынды толтыру

БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӨРБИЕЛЕУДЕН БАСТАЛАДЫ

жолында қаншама жастар дұрыс бағытты таба алмай, теріс діннің арбауына түсіп кетті. Жат ағымдарға жетелеушілер сол адамдардың психологиялық қүйзелістегі сәтін пайдаланып, қын сәттерде қолдан, қол ұшын берді.

Міне, ақша табудың қамында жүрген, бала тәрбиесіне көніл бөлуге, баласымен сырласуға уақыт таппаудың соны осындаı қасиреттерге әкеледі. Отбасылық институттың құлдырауы, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, жастардың ауқатты өмір сүруді бірінші орынға қоюы, олардың жеңіл жолмен ақша табуға әуестенуі, үрлік пен арбаудан құралған «сауда-саттықпен айналысуы» – міне, осылар бүгінгі рухани азғындаудың

алғашқы баспалдақтары. Сондықтан еңсөл ел боламыз десек, жастарға дұрыс тәрбие беру жолында қажымай-талмай енбек етуіміз қажет. Себебі, болашаққа қадам саналы ұрпақ тәрбиелеуден басталады.

Ал, оның түп-негіздері «Рухани жанғыру» мақаласында жатыр. Мақала жарияланысымен халықтың ата-бабаларының асыл мұраларымен кеңінен танысусына кең жол ашылып, руханиятымызға жаңа леп әкелгендей болды. Кейбіреулер айтып жүргендей, ол өткен бабалар заманына оралып, дәл солар кешкен замандағыдай ақпараттық технология немесе заманауи құрылғыларсыз өмір сүріп, заманауи дүниелерден жырақтану емес. Керісінше,

заман ағымына бейімделе отырып, заманауи қазақтың озық бейнесін қалыптастыру қажет. Бұл ұлттымызға тән барлық тарихи, әдеби, т.б. асыл жәдігерлерімізді бағалап, оны түйсініп, санамызға берік сіңіру арқылы жүзеге асады. Бабаларының дінін, ділін, салтын білген және оны түсінген ұрпақ басқа жолды таңдау түрмак, тіпті, ондай құдікті ойға да берілмейді.

**ГаянәР НАЗАНОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
«Мәдени және әлеуметтік
жұмыс» кафедрасының
ага оқытушысы, магистр.**